

Шығармашылық жұмыс

Тақырыбы: "Балаларды дамытуда ертегі
терапиясы технологиясын пайдалану"

Мақсаты:

Ертегі арқылы балалардың ойлау қабілетін, сабаққа деген қызығушылығын арттыру. Ертегі кейіпкерлерімен жете таныстырып, образға енуге бейімдеу. Жағымды, жағымсыз кейіпкерлерді ажырата білуге ықпал жасау.

Балаларды отан сүйгіштікке, елін, жерін қорғауға тәрбиелеу

Қасқыр, саулық, ешкі



Құмырсқаның қанағаты



Торғай мен түлкі



Қасқыр мен егінші



Қартығаштың құйрығы неге алыр?



Жыл басына таласқан хайуанаттар



Алтын сақа



Алдар көсе





Жоспар:

1.Кіріспе

2.Негізгі бөлім

2.1.Ертегі және оның бала тәрбиесіндегі алатын орны.

2.2.Ертегі терапиясының маңызы.

2.3. Сабақ үлгісі.

3.Қорытынды

4.Пайдаланылған әдебиеттер

Ертегі және оның бала тәрбиесіндегі алатын орны.

Ертегі-терапиясы екі бағытта жүргізіледі. Біріншісі - айту мен баяндауға құрылған нұсқа, ал екіншісі - қойылымдық бағыт. Педагог-тәрбиешілер «мұның пайдасы орасан зор», - дейді.

Әрине, перзентіне ертегі айтып беру - қазақ үшін таңсық емес. Алаш баласы құндақтағы кезінен-ақ бесік жырын естіп, ата-әжелерінің аузынан аңыз-эпсаналарды тыңдап өскен.

Ер төстік, тазша бала, қаңбақ шал, алтын сақа. Бұл қазақтың ауыздан ауызға, атадан балаға жетіп отырған мұрасы. Оқығанда жерінің әсемдігі мен байлығын көрсетіп отыратын қазақ ертегілері баланың түйсігін дамытады. Көпті көрген әжелеріміз немерелерінің адал, ер азамат болып өсуіне осы ертегінің көмегі зор деп есептейді.

«Біз де бала болдық, бала болғандықтан апамыз атамыз болды. Сол кісілерден ертегіні көп тыңдап, сол ертегідегі үлкен кейіпкерлерге ұқсағым келген. Ертегіні баларға көп айту керек. Ертегіге сеніп өскен бала мейірімді, мейірбан қолынан келген жақсылықты істегісі келіп отырады»,.

Айту мәнері, қимыл, мимика, сондай-ақ ертегіні айту кезінде көзге елестетіп отыратын бейнелердің ақпараттық мәні бала үшін өте ерекше. Ғалымдар мұқият тыңдай білетін бала ертегі айтушының ойын да оқып отыратынын дәлелдеген. Сонымен қатар, ертегі тыңдаған баланың ой-өрісі мен тіл байлығы дамиды. Ал дәрігерлер болса, «ертегі-терапия баланың рухани тұрғыда ғана емес денсаулығын жақсартуға да ықпалын тигізеді», - деп отыр.

«Нерв жүйесінің дұрысталуына, психологиясының өсуіне, тәрбие жағынан да ертегі пайдалы. Ауырып тұрған балалар мазасызданып тұрады, тыныштандыру үшін ертегі айту емделуге пайдасы тиеді. Ертегі-терапия курстары бізге қажет әрине ашылу керек», - дейді педиатр дәрігерлер.

Қазіргі таңда ертегіні ғаламтордан да табуға болады. Ал оны көруге уақыт табылмаса, арнайы аудио-ертегілер бар. Ақ халаттылар бүлдіршінізді түнгі ұйқыға бөлерде мейірімділік пен адалдыққа, достыққа үйрететін ертегіні айтуға кеңес береді. Себебі, мұндай

Кіріспе

Біз педагог – тәрбиешілері баланы тәрбилеу үшін «Баланың ақыл-ой дамуын, қызығушылығын, қабілетін білмей тұрып оны тәрбиелеуге болмайды» деп В. А. Сухомпінский атап айтқандай, тәрбиеші алдымен баланың ішкі жан-дүниесіне үңіле қарап түсінуіміз керек. Әр баланың айрықша қасиеттері мен қабілеттерін ашуға және дамытуға пайдаланған жағдайда ғана баланың даму деңгейі өзін-өзі толықтай жетілдіруге көмектеседі. Еліміздің айқын мақсаттарының бірі-бәсекеге қабілетті жас ұрпақты жан-жақты тәрбиелеу, Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан 2030» жолдауында «Біздің жас мемлекетіміз өсіп-жетіліп, кемелденеді, біздің баларымыз бен немерелеріміз осымен бірге ер жетеді. Олар өз ұрпағының жауапты да жігерлі, білімді, өресі биік, денсаулығы мықты азаматтары болады» деген сөзі барлық қазақ халқының тәрбие мен ошақтарына артқан жүк екені сөзсіз деп білемін. Тәрбиенің тал бесігі – балабақша табалдырығынан бастау алып, ізгілік пен парасаттылыққа жол көрсетер орны екенін есімізден шығармағанымыз абзал. ХХІ-ғасыр білімділер ғасыры болғандықтан бүгінгі таңда заманына сай зерделі ой-өрісі жоғары, жанжақты дамыған азаматты қалыптастыру ұрпақ тәрбиелеу міндетіміздің бірі екенін ұмытпауымыз керек. Мектеп дейінгі білім беру стандарты бойынша балаларға білім беру тәрбиелеу жаңа технологиялық талаптар бойынша сабақ өту, балаға сапалы білім беру деп ойлаймын. Технологияның басты іс-әрекетімен жұмыс жасау бұл баланың белсенділік, билингвалдық, танымдық, көркемдік, моторлық, шығармашылық жағдайларының жеке дұрыс қалыпты жағдайда ұйымдастыра білу деп айтуға болады. Мекетепке дейінгі тәрбие орындары және балабақша оқыту процестерін әрбәр жас кездеріне дамуына қарай ұйымдастыруды реттейді. Ұлттық тәрбие бастауынан нәр алып сусындаған бүлдіршіндерімізге қайырымдылық пен сүйіспеншілікті, адамгершілік пен ізеттілікті бала жүрегіне ұялатуға өзіндік үлесімді қосу міндетім деп білемін. Ертегі-терапиясы бұл бүгінгі балаларға дұрыс тәрбие берудің бір жолы. Дүние жүзі ғалымдары осындай тұжырымға келіп отыр. Осыны ескерген балабақшаларыда ертегі-терапия біртіндеп енгізіле бастады.

ертегіні естіген баланың ұйқысы тыныш, жайлы болады, әрі жақсы түс көреді.

Мектепке дейінгі балалардың танымдық қызығушылығының өзіндік ерекшелігіне психологиялық - педагогикалық тұрғыда мынандай мазмұндық сипаттама береміз.

1. Ертегілер мектепке дейінгі балалардың танымдық қызығушылығын қалыптастыру механизмі. Бұл механизм психологтар белгілеген теория негізінде бірізділікте құрылған және сатылап жүзеге асады: Жағымды эмоциялық көзқарас (ертегіге әуестік) → мазмұнды эмоциялық көзқарас (ертегімен әуестенуі) → тұрақты танымдық қызығушылық (ертегіге деген)

2. Ертегілердің педагогикалық жіктемесі. Бұл біріншіден, мектепке дейінгі балалардың танымдық қызығушылығын қалыптастырудағы мүмкіндіктерін анықтауға ықпал етеді; екіншіден, ертегілерді нақты өлшемдер бойынша сұрыптауға көмектеседі; үшіншіден, ертегілер құндылық көзқарасын бағдарлайды.

3. Мектепке дейінгі балалардың ертегіге деген қызығушылығын қалыптастыру моделі және оны жүзеге асыруда ықпал ететін педагогикалық шарттар. Модель құрылымы эмоционалдық, интеллектуалдық, еріктік компоненттер бірлігінде байқалады және нақты көрсеткіштер мен өлшемдер арқылы сипатталады.

Мектепке дейінгі балаларды тәрбиеші ертегі мазмұнын қай сабақпен байланыстырмасын оны саналы оймен түсіне білуге баулу қажет. Балада саналы ой түсінігі болу үшін оның белгілі бір деңгейде ертегілердің кейбір түрлерін білуі тиіс. Ертегіні саналы түсіну үшін ертегі кейіпкерлерін қойылымда көрсе тудің маңызы зор.

Ертегі кейіпкерлерін қойылым да көрсету.

Қазақ халқының қоғамдық өмірімен тұрмыс салтына байланысты пайда болған қиыннан қисын табар, тапқыр ой-қиялы жүйрік, аты аңызға айналған Алдар көсе, Жиренше шешен, Қожанасыр мен Тазша бала есіміне байланысты күлдіргі әңгімелер қызықтырады. «Алдар көсе мен Шығайбай», «Қу жауырын» ертегілерінде балалар өздері қалаған кейіпкердің сөзін жаттап, мінез-құлқын, іс-әрекетін келтіруге тырысады. Ал, бай рөліндегі баламыз салмақтылықпен сөйлейтін болса, Алдар көсе рөлінде ойнаған баланың тілі шешен болуы тиіс. Бұл қойылымдар арқылы балалар рөлдерге кіріп ойнауға байланыстыра сөйлеуге, өз ойларын жүйелі түрде жеткізуге үйренеді, жағымды – жағымсыз әдет, жақсы қасиеттерді ажырата білім, жаман нәрсені қайталамауға тырысады. Сабак үстінде тақырыпқа сәйкес қойылымдар көрсетіп, сол арқылы балалардың қабылдау қасиетін күшейтіп, көрген білгенін, естігенін жаңғырта отырып қайта әңгімелеу жетістіктеріне жетуге болады. Тілдері жаттығып, сөздік қоры кеңейіп, көсіле орынды сөйлеу, әділдік айту, шындықты айту дағдылары қалыптасады.

Өзі жасаған кейіпкердің сөзін жаттайды да тіл байлығы жетіледі. Сондай – ақ сахнада жүру, тұру, сөйлеу, өзін-өзі билеу, сыйлау мәдениетіне үйренеді. Рольді атқару арқылы бала жағымды әдет, жақсы қасиеттерді ажырата білуге үйреніп, өзі жаман нәрсені қайталамауға тырысады.

Осылайша жан-жақты тәрбиленген бала бар жаттаған, оқыған, естіген білгендерін өмірде кездесетін түрлі жағдайда да орынды қолдана білуге тырысады.

Бұдан шығатын қорытынды, тәрбиешілер сабак үстінде тақырыпқа сәйкес 3-5 минуттық қойылымды жүргізсе баланың қабылдау қасиеті күшейіп, көрген –білгенін, естігенін жаңғырта отырып, әңгімелеуде көп жетістікке жетеді. Тілі

жаттығып сөздік қоры кеңейіп, көсіле, орынды сөйлеу, әділдік айту, шындықты айту дағдыларын қалыптастырады.

Осының нәтижесінде өздерін еркін сезініп, өздерінің бойындағы жақсы қасиеттер ашылып, өз ой-пікірін толық, ашық айтуға үйренеді, өнерге, сахнаға деген құлшыныстары артады.

«Адам тағдырын тәрбие шешеді, ал, тәрбие құралы - сөз», - деп О.Сүлейменов айтқандай балаларды қайырымдылыққа, әдептілікке, ізгілікке тәрбиелеудің биігіне жетуіміз үшін, бар еңбегімізді жұмсауымыз қажет.

Бала бақшада аңыз әдебиет үлгілерін, таным, қатынас, шығармашылық, денсаулық, әлеумет салаларында түрлі формаларда қолдануға болады. Балалар бұл іс-әрекет барысында диалогты және монологты сөйлеуге, сөздерді байланыстыруға, кейіпкерлендіруге сезімдерді беруге үйренеді. Материал тексінің мазмұны бала жасына қызығушылығына сай айту керек.

Жоғарыда айтып өткендей, көп жанрлы әдебиетінен кейіпкерлендіруге ең ыңғайлысы халық ертегілері. Біздің бақшамызда білім беру стандартының 5 саласы бойынша берілетін ұйымдастырылған іс-әрекетте ауыз әдебиетінің үлгілері кеңінен қолданылады және өз тәжірибемде театрландыруды, сахналандыру кең түрде қолданамын. Соның кең ауқымды бір түрі қуыршақ театры.

Мектепке дейінгі жасөспірім баланы тәрбиелеу мен дамыту ісіне байланысты мақсаттарды шешуде театр ерекше рөл атқарады. Театр әр балаға қуаныш ұмытылмас әсер сыйлайды, оның көркемдік талғамын, еліктеуі мен қиялын дамытады.

Әдетте адамның жеке басының қасиеттері бес жасқа дейін қалыптасады екен. Сондықтанда да баланың жан-жақты қалыптасуы үшін, мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндердің бойына жақсы, жағымды қасиеттерді сіңіре білу керек. Бала әр нәрсеге құмар, қызыққыш, ол өзінің айналасында болып жатқан өзгерісті,

тамаша құбылыстарды сезінуге тырысады. Оның жан-жақты дамып, жеке тұлға болып тәрбиеленуіне, тілінің дамуын театрландырылған ойындар арқылы жетілдіруге болады.

Ал, театрландырылған ойындар арқылы балалардың бойында ұлттық салт-дәстүрімізге, әдебиетке, мәдениетке, өнерге деген құштарлықты оятуға болады. Бүлдіршіндер сахнада шағын рөлдерде ойнау арқылы байланыстыра сөйлеуге, әдемі киініп, жинақы жүруге, үлкендермен және өзге де балалармен тіл табыса білуге үйренеді. Жетілген диалог балалардың өз пікірін жеткізе білуге жетелейді.



Ертегі терапиясының маңызы

Бүгінде еуропалық балалар дәрігерлері ертегі-терапияның бала денсаулығына тигізер орасан пайдасы туралы сөз қозғап жүр. Бірақ, қазақ үшін бұл таңсық емес. Бұл жұрттың болашағы құндақтағы кезінен бесік жырын естіп, сөз түсінетін жасқа жеткенде фольклордың барлық түрін ана, әжелерінің аузынан тыңдап, адамгершілік нормаларын ауыз әдебиетінен үйренген.

Ертегі терапиясы – психотерапияның құрамдас бөлігі. Баланың ертегі сюжетіне әсерленуі, кейіпкердің қиыншылықтарына алаңдауы оның келешекте өз алдында пайда болатын кедергілерден қиналмай өтуіне іштей дайындығын туындатады. Практикалық психологияның ертегілік терапия бағыты – баланың жақсылық пен жамандықты айыруына, мінез-құлықтық стереотиптерді тануына көмектесіп, адамдардың өмірде алдынан шығатын сан түрлі қиыншылықты ең соңында жеңе аларына деген сенімін нығайтады.

Батыс пен Еуропа психологтары бала тәрбиелеу мәселесінде құрғақ ақыл айтудың, ескеру мен дауыс көтерудің жарамсыз екендігін толықтай дәлелдеді. Бұлар жаһанданулық қоғамға қадам басқан жаңа ғасыр үшін көнерген, өз күшін жоғалтқан әдістер деп танылған. Есесіне, ертегі терапиясы арқылы баланың санасын өздігінен кері нәрселерге қарсы тұрарлық күш беру шарт деген тәсілді ұсынады. «Сабағыңды жақсы оқы, қолыңды жумай дастарқанға отырушы болма, ата-ананды сыйла, үлкенмен керіспе» дейтін ескертпелер баласы бар үйде күнде он рет қайталануы. Мың сан қайталанулардан соң бала санасы ести тұра мұндай ескертпелерді мүлдем қабылдамайтын күйге жетіп, тек өз білгенінше әрекет етеді. Өйткені, ол сабақты жақсы оқымаса не боларын немесе ата-анасын құрметтемеудің ақыры немен аяқталарын білмейді. Ал, ертегі терапия ең бірінші оған болашақ туралы сұрақтарға

жауап береді, ертегінің финалында болатын нәтижелерден ол келешек туралы ой түйеді.

Фрейд өз еңбектерінде ертегідегі үнемі жуынатын мысықтың баланы тазалыққа үндейтін әдіске жұмылдырылғанын айтады. Мұндай ерікті энергиялар баланы жалқаулықтан арашалайтын көрінеді.



Балалар дәрігерлері ертегі терапиясын екі бағытта жүргізеді. Біріншісі – айту мен баяндауға құрылған нұсқасы болса, екіншісі – қойылымдық бағыт.

Орыстың «Шалқан» деп аталатын шағын ертегісі бар. Бәрімізге белгілі, отағасы – шалдың еккен шалқаны өте үлкен боп өседі де, күз келіп, егінді жинау науқанында шалқанды жерден суырып алу айтарлықтай қиындыққа соқтырады. Шал, кемпірі, қызы келіп тартқылағанмен, жерден суырылар болмаған шалқанды иті

мысығы, ең соңында олар тұратын үйдің жертөлесін мекен ететін тышқан келіп көмектескенде ғана жұлынады. Ертегінің айтпағы – ауызбіршілік. Олардың бір-біріне көмектесу себептері – туыстығы мен бір үйді мекен еткен татулығы. Демек, бір отбасы, бір үйде тұратындар бір-біріне әрқашан да қамқор болуы керек деген ойды аңғарамыз. Орыс психологтары осы ертегіні естіген алты жасқа дейінгі көптеген қыз балалар шешесіне үй шаруасында көмектесуге талпынса, ұл балалар жөргектегі бауырын жұбатуға талпынғанын айтады.

Әке-шешесі ажырасып, ұйып отырған шаңырағы ортасына түсіп, психологиялық соққылардың ортасында қалған бала мен дәрігердің арасында өткен әрекетті бағдарлайық: Ақ халатты абзал жан баланы жанына отырғызып, оған ертегі оқи бастады. Ертегі үлкен терек басындағы шымшықтың ұясы мен балапаны туралы екен. Кенет күшті жел көтеріледі де, терек бұтақтарын шайқап, ұяның жартысы сынып, балапаны жерге құлап түседі. Бұғанасы қатпаған, әлі ұша алмайтын балапанның жанайқайы мен дәрігердің алдында отырған балақайдың мінез-құлық стереотиптері бірдей.

Ертегі терапиясын қолдану арқылы дәрігерлер диагнозды баланың ешқашанда дауыстап айта алмайтын көңіл-күй жағдайларымен айқындайды. Ақ халатты абзал жандар баладан «ұядан құлаған балапанға қалай көмектескеніміз дұрыс?» деп жөн сұрайды және барлық емделушілер бір ауыздан шешесін шақырсын немесе әкесі келіп оны құтқарсын деп жауап беріпті.

Бұл тұста дәрігерлер баланың жауабынан оның өміріндегі қиындықтарынан ата-анасы қол ұшын бермесе ешқашан құтыла алмаймын-ау деген жасырын үрейлі белгіні аңғарады. Егер мұндай құтқарушылары келмеген жағдайда «балапан ұшуды білмегендіктен өледі», «сол жерде жатып аштық пен суықтан өледі, оны мысық жеп кетуі мүмкін» деген үрейге толы жауаптар қайтарған баланың ары қарайғы өмірінің

тұманды екені, оның үлкен психологиялық депрессияның алдында тұрғаны аңғарылған. Балалар дәрігері Гүлнұр Бекебаева ертегі терапиясына қатысты өз тәжірибесінде кездескен қызықты оқиғаны бізге былай баяндады: – Бала күрделірек бұзық іс жасаса немесе ата-анасын тыңдамай, тек өз білгенін жасаса, бірден психологтың алдына сүйреу – ата-ананың педагогикалық кемшілігі. Бұл еркелік көрсетер жасындағы балдырғанды қолдан ауру етумен бірдей нәрсе. Және мұндай балалар үшін онымен сөйлесуді, әңгімелесуді білмейтін болмаса оған не керегін түсінбеген ата-ананың өзі кінәлі. Менің алдыма бір әйел бес жасар ұлын жетелеп келді. Балақайды бірде анасы тәртіпсіздігі үшін бұрышқа тұрғызып жазалағанда мұны қорлық деп түсініп, үйден қашып кетіпті. Жақын маңдағы туыстарының үйіне барып ойнап қайтқан, баланың бұл әрекетін бастапқыда ата-анасы еркелікке балағанмен, уақыт өте келе, бала өзіне жасаған әрбір ескертуден соң басы ауған жаққа кетіп қалатынды шығарған. Жағдаймен танысқан соң ертегі терапиясын, оның ішінде орыстың «Қашқын бауырсақ» ертегісін ұсындым. Оқиғасында кемпір мен шалдың қамбасынан қырып алынған ұннан пайда болған томпиған сары бауырсақтың үйден қашамын деп түлкіге жем болуы балақайға ой салды, терапевтік сессиядан соң бұрынғы өрескел әрекетін тоқтатты. Ертегі – баланы тәрбиелеуге арналса, ертегі терапиясы сол тәрбие арқылы баланы жөнге салу, оның көзқарасын бағдарлау және ішкі әлемінен хабардар болу тәсілдері. Ер Төстік ертегісінде балақайларымыз достықтың үлкен үлгісін көреді. Оған көмек қолын созған Көлтауысар мен Желаяқ секілді алыптардың еңбегі тек достықты ғана насихаттамайды, ерекше болмыстары арқылы баланың тапқырлық деңгейін де жоғарылатады. Ер Төстік бала жер бетінде көптеген патшалықтарды көрсе, жерастында да көптеген патшалықтардың қонағы болды. Бұл бала психологиясына Отан ұғымын сіңіреді, белгілі бір мемлекеттің

заңнамаларына бағыну мәселесін ұғындырады.

Ертегі терапиямен жұмыс жасау тек дәрігерге тән емес, бұл ата-ана үшін де міндетті нәрсе. Айталық, «Мақта қыз» ертегісін арнайы қойылым етіп тамашалайтын қара көздеріміз аз болса, психологтар орыс отбасыларында баланың көңілін көтеру мақсатында көптеген ертегілерді арнайы қойылым ретінде үнемі қайталап тұратынын айтады.



Ертегі – отбасы үшін тек тыңдауға ғана емес, қойылым ретінде де сахналауға да ыңғайлы. Әкелерге – Ерназар, шешелерге – мыстан кемпір, ұлдары – алтын сақасын іздеген бала болып ертегі сомдаған шаңырақ қандай бақытты. Бұл отбасындағы өсіп келе жатқан бүлдіршіндер үшін ертегі терапиясы ғана емес, ересектер үшін де таптырмас татулықтың көрінісі болып табылады.

Әдетте, ертегіні отбасында әже немесе ана айтады. Көп жағдайда ертегіге әке араласпайды. Ал, ертегі терапиясы айтарлықтай әсер етуінде отбасы мүшелерінің түгел дерлік қойылымға қатысуы бүлдіршін үшін аса үлкен қуаныш. Ол ертегінің өзі үшін қойылғанын аңғарады. Және түрлі персонаждардың ойнап жүрген туыстарының өзін жақсы көретінін аңғарады. Осылайша өткен әрбір сәт баланың кеудесіне жақсылық дәнін себеді. Орыс психологтары бұл мәселені ертерек ұғынды. Балабақшаларда осы методты біраз жылдан бері қолданып келеді. Айталық, мақтаншақтығының кесірінен аузындағы ірімшігінен айрылып қалатын қарға мен қу түлкі туралы ертегіні қойылымға айналдырып түсіндіргенде, балаларды қарғаның рөлінде сомдату арқылы оны тапқырлыққа баулуға болады дейді.



Сабақ үлгісі.

Тақырыбы: “Көбелекпен кездесу» ертегі терапиясы

Білім беру салалары: «Таным», «Шығармашылық»

Бөлімдері: “Қоршаған ортамен таныстыру”, “Жапсыру”
“Құрастыру”

Мақсаты: Балаларға ертегі арқылы эстетикалық тәрбие беріп, шығармашылық қабілеттерін

арттыру, ой- қиялын дамыту, елестету арқылы артикуляциялық гимнастиканы және

қол моторикасының қимыл әрекеттерін дамыту. Балаларды мейірімділікке,

қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Сонымен қатар достыққа, ұйымшылдыққа, жақсы көңіл-күйді сезе білуге баулу.

Алдын-ала жүргізілетін жұмыстар: Бөлмені оқу іс-әрекетіне сай жабдықтау, қажетті көрнекі

құралдарын дайындау. Кейіпкерлерді дайындау.

Қажетті көрнекі құралдар: Гүлдер, жәй әуен, көбелекпен достары, бақа, қоңыз

кейіпкерлері, түрлі қалдық -материалдар, қақпақтар, киынды қағаздар, гүлдің суреттері, желім,

кылқалам, майлық, баубақша көрінісі, қатты қағаздан жасалған гүл,

қарлығаш, магнит тақтасы, магниттер, бау, тескішпен тесілген гүл

Қостілділік компонент: Цветы – гүлдер, бабочка– көбелек,, жук- қоңыз, лягушка- бақа.

Ласточка-қарлығаш

Іс-әрекет кезең-дері
әрекеті

мотивациялық қозғаушы

Шаттық шеңбері

Бүгін күн шуақты болсын.

Еліміз аман болсын.

Әдепті бала болайық.

Бәрімізде дос болайық!

Жаттығу

Педагогтың іс-әрекеті Балалардың іс-

Балалар, сендер ертегілер еліне саяхатқа барғыларың келе ме?

Көбелек жылайды:

-Балалар тыңдайықшы, біреу жылайтын сияқты. Бұл не екен? Мына гүлдің ішінен жылаған дыбыс естілді, ендеше қарайық. Гүлді ашып, ішін қарау, ішінен көбелек шығады.

Көбелек сен неге көңілсізсің, сені кім ренжітті?

Көбелек: Менің үйімнің қасындағы ғажайып бақшадағы жайқалған гүлдерімді қатты жел құлатып тастады. Мен достарымсыз қалдым. Мен оларды қатты сағындым.

Ендеше, балалар, көбелекке ғажайып бақшасын гүлдендіруге көмектесейік.

Ендеше ертегілер еліне аттанайық.

Елестету жаттығулары

-Мінекей, бұл гүл! Бұл гүлде біздің кішкентай көбелек үнемі отырады.

Гүлді саусақтарыңмен қиялдай отырып көрсетіңдер. Қолдарыңмен гүлдің ашылып, жабылатынын көрсетейікші. Гүлді иіскеп көрейік.

Қандай керемет иіс. Көбелектің қандай кішкентай екенін білеміз.

Ал, енді біз бәріміз ол қаншалықты кішкентай екенін саусағымызбен көрсетейік.

Мен сендердің қаншалықты епті екендеріңді білгім келіп тұр. Шеңбер бойымен тұра қалайық. Оңға бұрылып тұрамыз. Мына айтқанымды мұқият тыңдаңдар!

Балалар топқа келген қонақтармен амандасады. Шаттық шеңбері

Балалардың жауаптары

Тыңдайды көмектесеміз

Шеңбер болып тұрып саяхатқа аттанады

Елестету арқылы барлығы жаттығуды жасайды,

қимыл-қозғалыс арқылы көрсетеді

Қолдарымен, саусақтарымен гүлді елестете қолмен көрсету

Шеңбер бойымен тұрып, жаттығуды мұқият тыңдап жасайды

Іздену ұйымдастырушы

Сендерге:

1. «Айдахар» дегенде-қолдарыңды жоғары көтеріп, аяқтың ұшымен шеңбер бойымен жәймен жүресіңдер.

2. «Көбелек» дегенде-отырып, көбелек сияқты жүрелеп жүресіңдер.

3. «Баспалдақ» дегенде-қолдарыңды иықтарыңның үстіне қойып, жай ғана жүгіресіңдер.

4. Біз жаттығуларды жасап ғажайып баққада жетіп қалыппыз.

1. Гимнастика

Балалар, тыңдандаршы, дыбысын естіп тұрсындар ма? Олар біз жаққа келе жатқан сияқты.

Қанекей, балалар, гүлдердің қалқаларына тығылып қалайықшы!

Ақырындап оңға қарап көрейік. Ешкім жоқ па екен? Енді, солға қарап көрейік. Жоғары ағаштардың арасын, төмен шөптердің арасын. Қарадыңдар ма?

Кім екен бізді қорқытқан, а?

Босаңсу.

Балалар, қорықпандар, бұл жерде ешкім жоқ екен. Ол жәй ғана жапырақтар екен. Желмен ойнап, дыбыс шығарып жатқан. Ой, бұзықылар-ай! Мойнымызды босаңсытайық!

Бастарыңды, иықтарыңды тербелтіңдер. Мойнымыз жіп сияқты, ал басымыз доп сияқты басымызды салбыратамыз. Кім қорқытқанын қараймыз деп, әбден мойнымыз аурып қалыпты ғой, балалар!

Ква-ква, ква-ква! Бұл не? Бұл бақағой секіріп жүрген. Ол өзінің кішкентай көлшігіне біздің көбелегімізді алып кетпекші. Бәріміз, бақа сияқты секірейік, қатты айқалайық, жерді тепкілейік, оған жаман түрімізді көрсетейік. Бізден қорқып қашып кетсін. Көбелекке көмектесейік. Балалар, бақа сендерге тәрбиешінің тілін алмайтын, қырсық болатын, өзінің әдепсіз қылықтарын көрсететін балаларды естеріңе түсірмей ме? Сол кезде олар ұсқынсыз бақаға қатты ұқсап кетеді. Бірақ біз ондай емеспіз ия, балалар? Қане, бір-бірімізге күліп әдемі болайықшы!

Қоңыз ұшып келеді: Ж-ж-ж! Ол терезеге қатты ұрылып, төңкеріліп кетіп, қайта аударыла алмай жатыр. Тез-тез қозғалады. Шаршаған соң ақырын қозғалады. Мінекей қоңыз да аударылып алды да, көбелекті менсінбей, кекетіп былай дейді: «Қандай жіңішке аяқтар, және ол екеу ақ екен. Мұрттары мүлдем жоқ екен. Ой, әдемі емес мүлдем. Онымен дос болмаймын», - деп қатты ызылдап ұшып кетеді.

Қолдарын көтеріп, аяқтарының ұшымен жәй жүреді
көбелек сияқты жүреді

Қолдарын иықтарының үстіне қойып, жай ғана жүгіреді

Балалар, мұкият тыңдайды
Гүлдердің қалқаларына тығылады (Орындықтардың астына
тығылады.)
Оңға-солға ,жоғары- төмен қарайды

Мойындарын босаңсытады
Бастарын, иықтарын тербелтеді
Бастарын салбыратады
Бақа сияқты секіріп, қол шапалақтайды ,айқайлайды,жерді
тепкілейді,оған жаман түрлерін көрсетеді
Күлімдейді
Қоңыздың ұшып келгеніне таңданады
Себепті қызығушылығын ояту кезеңі Көбелек болса ренжіп,жылап
келе жатқанда, алдынан қарлығаш кездеседі
Көбелек оған :-«Айналайын, қарлығаш ,мені өзіңмен бірге алып
кетші, маған бұл жер сондай көңілсіз. «Менімен ешкім дос
болмайды»
Мені өзім сияқты достарым көп жерге апаршы деп»-өтінеді.
Қарлығаш еш қиындықсыз кішкентай көбелекті арқасына
отырғызып,достарын іздейді.

Қане, ендеше ,балалар! Біздер өз қолдарымыздан қалдық
материалдардан көбелекке ғажайып бақты сәндеп, ол келгенше
гүлдер жасайық. Қол моторикаларын дамытып жұмыстану. Түрлі
материалдардан гүлдерді жасап әсемде
Ой, балалар,кандай әдемі бақша болд

. Ендеше барлығымыз әсем әуенмен қалқып көбелекше ұшайық.Әр
жасаған гүлдеріне қолдарындағы көбелектерді қондырады.
Көбелек өзі қалаған гүліне қонады, ой, кандай жап-жасыл шөптер,
гүлдерді санасаң сан жетпейді. Күн жарқырап тұр, қызыл гүлде
қызыл көбелек, жасылда.....
Көбелекқыз: «Рахмет сендерге, балалар! Сендер маған ғажайып
бақшаны әсемдеп, достарымды қайтардыңдар! Сендерге алғысым
шексіз! Өзінен естелік ретінде өз сыйын береді
Жарайды ендеше балалар, өзіміздің балабақшамызға түймеқызға
көмектескен қарлығаш болып ұшып оралайық
Балалар, түймеқызды не ренжітті?

Балалар айтындаршы, қоңыздар түймеқызға ренжітетін қандай сөздер айтты?

Қане, балалар, ренжіген адамның кейпін көрсетіндерші, ал енді қоңыздың ұшып кеткенін көрсетіндер.

Түймеқыз өте жақсы ғой, балалар! Бірақ қоңыздарға ол ұқсамағандықтан олар оны ұнаттпады,ия балалар!

Сендер қандай қыздың көңілін көтеретін жылы сөздер білесіндер? Айтып көрейікші.

Сендерге ертегіде қай кейіпкерлер ұнады?

Қоштасу

Мадақтау

Қарлығаш боп қалқып ұшу

Қоңыздар

Өз ойларын айтады.

Балалар түймеқызды ренжіткен сөздерді атайды

Сұраққа жауап береді

Рефлексивті коррекциялаушы

Көбелекқыз: «Рахмет сендерге, балалар! Сендер маған ғажайып бақшаны әсемдеп, достарымды қайтардыңдар! Сендерге алғысым шексіз! Өзінен естелік ретінде өз сыйын береді

Жарайды ендеше балалар, өзіміздің балабақшамызға көбелекке көмектескен қарлығаш болып ұшып оралайық

Балалар, көбелекті не ренжітті?

Балалар айтындаршы, қоңыздар көбелекке ренжітетін қандай сөздер айтты?

Қане, балалар, ренжіген адамның кейпін көрсетіндерші, ал енді қоңыздың ұшып кеткенін көрсетіндер.

Көбелек өте жақсы ғой, балалар! Бірақ қоңыздарға ол ұқсамағандықтан олар оны ұнаттпады,ия балалар!

Сендер қандай көбелектің көңілін көтеретін жылы сөздер білесіндер? Айтып көрейікші.

Сендерге ертегіде қай кейіпкерлер ұнады?

Қоштасу

Мадақтау

Қарлығаш боп қалқып ұшу

Қоңыздар

Өз ойларын айтады.

Балалар көбелекті ренжіткен сөздерді атайды

Сұраққа жауап береді

Күтілетін нәтиже

Баланың білуі: Ертегімен танысып, түсінік алады. Балалар ертегі арқылы эстетикалық тәрбие алып, шығармашылық қабілеттері артады;

Баланың меңгеруі: Ой-қиялы дамиды, елестету арқылы артикуляциялық гимнастиканы орындай отырып, қол моторикасы дамиды;

Баланың жасай алуы: Жаттығуларды қимылмен жасайды, түрлі қалдық материалдардан гүлді бейнелейді, сұраққа жауап береді;

Қорытынды

Тәрбиешінің басты міндеті «Бес» білім беру саласын балаға меңгертіп, дені сау, қазіргі заманға сай танымдық - ақпараттық қабілеті дамыған, өз салт-дәстүрін меңгерген, қоршаған ортада, қоғамда өзін - өзі басқара алатын, өз бойына эстетикалық тәрбиені жинаған қазақтың патриот жеткіншегін мектепке шығарып салу.

Қорыта айтқанда, баланың жеке тұлға болып қалыптасуы сәби кезінен басталады. Ол үшін балаға барлық жағдай жасалуы тиіс. Өмірге келген әрбір бала бақытты болуы тиіс. Бала - еліміздің бүгіні мен ертеңі. Балаға тиісті жағдай жасап, денсаулығын жақсартып, өмірін гүлдендіріп, саналы тәрбие, сапалы білім беру - біздің мақсатымыз. Оқу мен тәрбие егіз. Жұмыла көтерген жүк жеңіл - дейді халық даналығы. Ендеше, мектепке, ата - ана, бала - бақша болып, қоғам болып, дені сау, өз елін сүйетін, иманды, патриот, ұлттық тәрбие, рухани адамгершілік тәрбиесін меңгерген, нағыз өз елінің азаматын тәрбиелейік. Әрбір өзін мәдениеттімін, сауаттымын деген азамат, ұрпақ болашағы үшін жауапты екенімізді естен шығармайық!

Балабақшада мемлекеттік стандартқа сай тіл дамыту сабағы енгізілді. Балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасау жалпыдан жекеге қарай, яғни жеке тұлғаны дамытудың балғынның тілдік қорын дамытып, білімі мен біліктігін кеңейте отырып, өзара қарым-қатынаста қолданатын сөз байлығын молайту болып табылады. Әр түрлі сюжетті суреттер, ойыншықтар, кестелер, геометриялық фигураларды, схемаларды қолдануға болады

Көркем шығармаларды тыңдауға бала сәби кезінен-ақ құмартып, қызығады. Қысқа ертегі, өлең оқып берсе, тез жаттап алады. Жаттау арқылы оның тілі жетіледі. Әдеби кейіпкерлердің жақсы ісіне сүйсінеді, жаманынан жиренеді –

бойын қорқыныш билейді. Сәбилерде жақсы және жаман іс-
әрекет жөнінде түсінік пайда болады. Сөйлеу тілі жетіле түседі.
Ал тілінің дамуы – баланың бойында қабылдай – ести білу
сияқты психологиялық процестердің бірте-бірте қалыптасуына
негіз болады

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ойын арқылы оқыту технологиясы.

2. «Қуырмаш» журналы 2007 жыл.

3. Әдістемелік оқулықтар. 2001 жыл.

4. Ойнайық та, ойлайық. Кітап. 1986 жыл.

5. Бастауыш мектеп журналы. 2007 жыл.

6. Сарыбеков Н. «Қазақ халқының табиғат қорғау дәстүрлері». Алматы. Рауан 1996 жыл.

7. А. Құралұлы «Қазақы тиымдар мен ырымдар». Алматы. Өнер 1998.

8. М. Тілеужан. «Халық тағлымы». Алматы. Рауан 1996 жыл.

БАУЫРСАҚ ЕРТЕГІСІ

Батыста бір кенір мен шал өмір сүрісті. Бір күні шал кеніріне:

- Маған бауырсақ пісіріп берші, - дейді.
Кенір үн қойынсып қырып, қанды сыпырып қос
тыс үн жөнелді.



Кенір көп, бауырсақ етіп өсіп, майға құйып
пісіреді де, сұссын деп терезе ашып қойды.
Бауырсақ, қатып-жатып, бір кетсе есіп аламан
қалса сыртына шығып, ары қарай айналай жанға.

Жала келе жатса, аламан қан шыға келеді:
- Бауырсақ, бауырсақ, мен сені жеймін!
- Мені жей бермей, мен саған өлең айтып берейін:
Коймадан кенге шымылған, қыранты қырып алынған,
қаймаққа шылап алынған, майға да ойып бекірген,
көзіне күннің көптігі, мені - бауырсақпын, тегін - нан.
Атаман қашып құтылған, аламан қашып құтылған,
сөнен де, қашып құтылған, құтып маған түк емес! - деп ары
қарай жол бойымен айналай жанға.



Жала жатса, аламан қашып шыға келеді:
- Бауырсақ, бауырсақ, мен сені жеймін!
- Жет, сұр қалың, баян да көп шымаң!
Коймадан кенге шымылған, қыранты қырып алынған,
қаймаққа шылап алынған, майға да ойып бекірген,
көзіне күннің көптігі, мені - бауырсақпын, тегін - нан.
Атаман қашып құтылған, аламан қашып құтылған,
сөнен де, қашып құтылған, құтып маған түк емес! - деп ары
қарай жол бойымен айналай жанға.



Келе жатса, аламан шо шыға келеді:
- Бауырсақ, бауырсақ, мен сені жеймін!
- Сен маймаққа кенге шымылған, қыранты қырып алынған, қаймаққа шылап
алынған, майға да ойып бекірген, көзіне күннің
көптігі, мені - бауырсақпын, тегін - нан. Атаман қашып
құтылған, аламан қашып құтылған, сөнен де, қашып
құтылған, құтып маған түк емес! - деп ары қарай айналай жанға.



Келе жатса, аламан тұл шыға келеді:
- Бауырсақ, бауырсақ, мен сені жеймін! Ал тұл
болса:

- Ой, өмірің қандай жақсы. Бірақ мен өте нашар естимін
ғой, бауырсақ, бауырсақ, көзін тілімнің ұшына отыр да,
тағы бір рет қаттырақ айтып берші, - дейді тұл.
Бауырсақ тұлдың тіліне сөзіріп шығып қал, тұл болса
оны "Ал!" деп бір-ақ асып жеп қояды.




YU & PARTNER

[illegible][illegible][illegible]

Epilepsy (epilepsia) = chronic neurological disorder characterized by recurrent attacks of abnormal electrical activity in the brain.

[illegible]

Represented, as indicated in bold, Minnesota, Texas, and New York, are the only states that have enacted laws that require the use of the term "organically grown" for all products that are marketed as organic. Of the states that do not have the term "organically grown" in their laws, 16 states have the term "organic" in their laws, 10 states have the term "natural" in their laws, and 10 states have the term "pure" in their laws. The states that have the term "organically grown" in their laws are: Alaska, Arizona, California, Colorado, Connecticut, Delaware, Florida, Georgia, Idaho, Illinois, Iowa, Kansas, Kentucky, Louisiana, Maine, Maryland, Massachusetts, Michigan, Minnesota, Missouri, Montana, Nebraska, Nevada, New Hampshire, New Jersey, New Mexico, New York, North Carolina, North Dakota, Ohio, Oklahoma, Oregon, Pennsylvania, Rhode Island, South Carolina, South Dakota, Tennessee, Texas, Utah, Vermont, Virginia, Washington, West Virginia, Wisconsin, and Wyoming. The states that have the term "organic" in their laws are: Alabama, Arkansas, Hawaii, Indiana, Maine, Massachusetts, Mississippi, Nevada, New Hampshire, New Jersey, New Mexico, New York, North Carolina, North Dakota, Ohio, Oklahoma, Oregon, Pennsylvania, Rhode Island, South Carolina, South Dakota, Tennessee, Texas, Utah, Vermont, Virginia, Washington, West Virginia, Wisconsin, and Wyoming. The states that have the term "natural" in their laws are: Alabama, Arkansas, Hawaii, Indiana, Maine, Massachusetts, Mississippi, Nevada, New Hampshire, New Jersey, New Mexico, New York, North Carolina, North Dakota, Ohio, Oklahoma, Oregon, Pennsylvania, Rhode Island, South Carolina, South Dakota, Tennessee, Texas, Utah, Vermont, Virginia, Washington, West Virginia, Wisconsin, and Wyoming. The states that have the term "pure" in their laws are: Alabama, Arkansas, Hawaii, Indiana, Maine, Massachusetts, Mississippi, Nevada, New Hampshire, New Jersey, New Mexico, New York, North Carolina, North Dakota, Ohio, Oklahoma, Oregon, Pennsylvania, Rhode Island, South Carolina, South Dakota, Tennessee, Texas, Utah, Vermont, Virginia, Washington, West Virginia, Wisconsin, and Wyoming.

[illegible]

“*Thalassia opuntiformis* (Purpur.) *opuntia* Kuntzeana?”

[illegible]

• *Wheat, oat, corn, rye, sorghum, millet, and Quinoa*
 cereal

• *Komodo, crocodile, thorn, lizard, lizard*
 At least three more than that name.

• *Apple, asparagus, cranberry, pepper, squid, tortilla*
 These are all in the top 100 most common words in the
 animal, plant, mineral, and food categories.



МАҚТА ҚЫЗ БЕІІ МЫСЫҚ



